

«ЕРКЕМАЙ» ЖЕКЕ БӨБЕКЖАЙЫ

БҰЙРЫҚ № 11

«4» қыркүйек 2026 жыл

Консультациялық пункттің жұмысын ұйымдастыру туралы

Мектепке дейінгі жастағы балалардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) тәрбиелеу, дамыту, оқыту және мектепке дайындау мәселелері бойынша психологиялық-педагогикалық және әдістемелік консультациялық көмек көрсету мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. «Еркемай» жеке бөбекжайында 2026–2027 оқу жылында Консультациялық пункттің жұмысы ұйымдастырылсын.

2. Консультациялық пункттің жұмыс уақыты сейсенбі және бейсенбі күндері болып белгіленсін.

3. Консультациялық пункттің жұмысына жауапты мамандар болып төмендегілер белгіленсін:

- Амирова Гульбану Хаблакатовна
- Едильбаева Ботагоз Аманжоловна
- барлық топ тәрбиешілері.

4. Жауапты мамандарға:

- ата-аналардың (заңды өкілдерінің) сұраныстарына сәйкес жеке және топтық консультациялар ұйымдастыру;

- баланың жас ерекшелігіне сәйкес тәрбиесі мен дамуы бойынша әдістемелік кеңес беру;

- баланың сөйлеу, танымдық, әлеуметтік-эмоциялық және шығармашылық дамуына байланысты ұсыныстар беру;

- ата-аналарға үй жағдайында баламен жүргізілетін дамытушы ойындар мен жаттығуларды ұсыну;

- баланы мектепке дайындау мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсету;

- ата-аналарға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;

- консультациялық пункттің жұмысын тиісті журналға тіркеу міндеттелсін.

5. Консультациялық пункттің жұмыс жоспары бекітілсін және ата-аналардың сұранысына қарай жүзеге асырылсын.

6. Консультациялық пункт қызметіне жүгінген ата-аналардың өтініштері мен консультация нәтижелері белгіленген тәртіппен тіркелсін.

"Еркемай" жеке бөбекжайының директоры Г.Амирова